

## Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау бойынша әдістемені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 ақпанда № 14781 болып тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 08.02.2022 № 1-НҚ және ҚР Қаржы министрінің 08.02.2022 № 141 бірлескен нормативтік қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 08.02.2022 № 1-НҚ және ҚР Қаржы министрінің 08.02.2022 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен нормативтік қаулысымен.**

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.01.2018 № 31 және ҚР Қаржы министрінің 31.01.2018 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 26-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау бойынша әдістеме бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.01.2018 № 31 және ҚР Қаржы министрінің 31.01.2018 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің баспа және электрондық түрде ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 706 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 540 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## **Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме**

**Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.01.2019 № 7 және ҚР Қаржы министрінің 16.01.2019 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін (бұдан әрі – Бағалау жүйесі) іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Осы Әдістеде мынадай анықтамалар пайдаланады:

1) индикатордың жоспарлы мәндерін түзету – стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларының жоспарлы мәндерін төмендету фактілерінің болуы;

2) нысаналы индикатордың іс жүзіндегі орындалу серпіні – мемлекеттік органның қызметіне байланысты емес факторларға негізделген іс-шаралар мен міндеттемелерді орындамау жағдайларын қоспағанда, өткен кезеңнің фактісімен салыстырғанда стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларының іс жүзінде орындалуының нашарламауы;

3) индикатордың артығымен орындалуы – индикатордың іс жүзіндегі мәнінің жоспарлы мәннен 25%-ға және одан астам артық орындалуы;

4) бюджеттік бағдарламаны атқарудың тиімділігі – қойылған мақсаттарға неғұрлым аз шығынмен қол жеткізу, шығындары бар нәтижелерді салыстыру (арақатынасы) арқылы анықталады;

5) тікелей нәтиже – қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы;

6) түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші.

3. Әдістеме мемлекеттік органдардың қадағаланатын саланы/аяны/өңірді дамыту, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдалану бойынша қабылдайтын шаралардың тиімділігін айқындауға арналған.

4. Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау (бұдан әрі – тиімділікті бағалау) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бекітетін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Бағалау кестесі) сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тиімділікті бағалауды мынадай мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар) жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдар тиімділігін бағалау;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі – мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың тиімділігін бағалау;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган) – жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігін бағалау, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есепті деректерін қайта тексеру;

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган) – орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлардың мақсаттарына және бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігін бағалау, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізуі бойынша тиімділігін бағалау.

Жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша тиімділігін бағалау жүргізу үшін, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есепті деректерін қайта тексеру үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда Жыл сайынғы бағалау жөніндегі комиссияның кіші тобы болып табылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – Бюджетті атқару жөніндегі жұмыс тобы) құрылады. Жұмыс тобының құрамы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен немесе бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен бекітіледі.

## **2-тарау. Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалауға арналған ақпарат көздері**

6. Бағаланатын мемлекеттік органдар Бағалау кестесінде белгіленген мерзімде есепті (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша есептік ақпаратты электрондық және қағаз тасығыштарда бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға:

1) Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланысы туралы ақпаратты;

2) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын бюджеттік бағдарламалардың (жергілікті атқарушы органдар) тікелей нәтижелеріне қол жеткізу туралы ақпаратты;

3) түсіндірме жазбаны (жергілікті атқарушы органдар) ұсынады.

Жергілікті атқарушы органдардың бағаланатын бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізуі туралы түсіндірме жазбада нысаналы даму трансферттері бойынша алынған қаражат туралы

жиынтық ақпарат және әрбір мемлекеттік бағдарлама шеңберінде (жоспар және факт: білім беру, денсаулық, әлеуметтік маңызы бар, тұрғын үй шаршы метрі, жолдар, жылу-, су-, газ-, электрмен жабдықтау және т.б. объектілер салынды, жөнделді) қол жеткізілген нәтижелер көрсетіледі.

7. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері және мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының ұйғарымдары мен қаулыларын орындау туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға ұсынады.

Мемлекеттік органдардың мақсаттарға қол жеткізу бойынша қызметінің тиімділігін бағалау ұсынылған есептік ақпарат, сондай-ақ бағалау кестесіне сәйкес ресми интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың аумақтарды дамыту бағдарламалары;
- 3) стратегиялық жоспарларды іске асыру туралы есептер;
- 4) жергілікті атқарушы органдар үшін базалық көрсеткіштер тізбесі негізінде аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру туралы есептер;
- 5) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның бағаланатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджетті атқаруы туралы статистикалық есебі;
- 6) статистикалық және ведомстволық деректер;
- 7) халықаралық рейтингілер;
- 8) басқа да дереккөздер (бар болса) негізінде жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратындағы деректерді қайта тексеру**

8. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратындағы деректерді олардың дұрыстығы тұрғысынан қайта тексеру жүргізеді.

9. Деректердің дұрыстығын бағаланатын мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді және статистикалық пен ведомстволық деректермен, халықаралық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерімен, сондай-ақ салалық орталық мемлекеттік органдардың деректерімен расталады.

10. Бағалау жүйесінің 41-тармағына сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратындағы деректерді қайта тексеруді (бұдан әрі – қайта тексеру) жүзеге асырады. Бұл ретте қайта тексеруге жататын бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпараты бағалау жүйесінің 42 тармағына сәйкес айқындалады.

11. Қайта тексеру стратегиялық жоспарларды/аумақтарды дамыту бағдарламаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша ақпараттың дұрыстығын анықтау тұрғысынан жүргізіледі.

12. Тексеру рәсімі қайта тексеру растау құжаттарын (ведомстволық есептер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актілері, хаттамалар, хаттар және басқа растау құжаттары) жинау және талдау, сондай-ақ бағаланатын мемлекеттік органдарға шығу жолынан тұрады. Есептік ақпараттағы деректерді қайта тексерудің қорытындысы бойынша Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Салыстыру актісі (бұдан әрі - Салыстыру актісі) жасалады.

13. Қайта тексеру шеңберінде бағалауға уәкілетті органдар құпиялық белгісі, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттарды қоспағанда, растау құжаттарының электрондық көшірмелерін алады.

14. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының нәтижелеріне қол жеткізу көрсеткіштерін қайта тексеру нәтижелері бойынша Салыстыру актісін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын 10 сәуірге дейінгі мерзімде ұсынады.

#### **4-тарау. Есептік ақпараттың уақтылығын, толықтығын және дұрыстығын анықтау рәсімі**

15. Бағаланатын мемлекеттік орган Бағалау кестесіне сәйкес толық және дұрыс есептік ақпаратты уақтылы ұсынады.

16. Бағаланатын мемлекеттік орган бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға есептік ақпаратты уақтылы, толық ұсынбаған жағдайда бағаланатын мемлекеттік органның аталған блок бойынша қорытынды бағасынан айыппұл балдары шегеріледі.

17. Бағалау кестесінде көзделген мерзімнен кеш ұсынылған/орналастырылған есептік ақпарат уақтылы ұсынылмаған болып танылады.

Бағаланатын мемлекеттік орган уақтылы емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін 1,5 (бір жарым) айыппұл балы шегеріледі.

18. Бағаланатын мемлекеттік орган толық емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін 2 (екі) айыппұл балы шегеріледі.

Есептік ақпараттың құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген элементтері (қосымшалар, бөлімдер, кестелер) жоқ есептік ақпарат толық емес болып танылады.

19. Бағаланатын мемлекеттік орган дұрыс емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі. Қайта тексеру барысында шындыққа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есептік ақпарат дұрыс емес болып танылады.

Дұрыс емес ақпаратты ұсынғаны үшін 2-ден (екі) аспайтын балл шегеріледі.

Бағаланатын мемлекеттік орган өткен есепті жылдың 4-қосымшаға сәйкес Салыстыру актісін ескере отырып, дұрыс емес есептік ақпаратты қайта ұсынғаны /орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,5 айыппұл балы шегеріледі.

Шегерілетін айыппұл балдарының жалпы сомасы 6,5 балдан аспауы тиіс.

Дұрыс емес ақпаратты ұсыну фактілері деректерді қайта тексерудің қорытындысы бойынша Салыстыру актісінде тіркеледі.

20. Нысаналы индикатор бойынша есептеу әдістемесі болмаған жағдайда әрбір тіркелген факт үшін 0,5 айыппұл балы шегеріледі.

21. Егер жергілікті атқарушы органның аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторы бойынша нақты көрсеткіштің жоспарлы мәннен 25%-ға және одан аса артығымен орындалуы белгіленген жағдайда, жоспарлы мәндердің артығымен орындалуының әрбір тіркелген фактісі үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі.

Базалық тізбе көрсеткіштерінің артығымен орындалуы: аналар өлімінің төмендеуі (100 мың тірі туғанға шаққандағы жағдайлардың саны), нәрестелер өлімінің төмендеуі (1000 тірі туғанға шаққандағы жағдайлардың саны), қатерлі ісіктерден өлімнің төмендеуі (100 мың тұрғынға шаққандағы жағдайлардың саны), жол-көлік оқиғаларында қаза тапқандар санының 100 адамға азаюы, жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жататын мемлекеттік орман қоры аумағында бір орман өртінің орташа ауданы бойынша айыппұл балдары ескерілмейді.

22. Егер бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіші нақты мәннің жоспарлы мәннен 5%-ға артығымен орындалуы белгіленген жағдайда, жоспарлы мәндердің артығымен орындалуының әрбір тіркелген фактісі үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі.

23. Шегерімдер туралы ақпарат орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның Қорытындыда "Балдарды шегеру" деген бөлімде көрсетіледі.

#### **5-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізудің тиімділігін бағалау**

24. Тиімділікті бағалау мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін және бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігін айқындау арқылы жүзеге асырылады.

25. Орталық мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу;
- 2) стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі;

3) стратегиялық жоспар мақсаттарының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысы.

26. Орталық мемлекеттік органдарға ұсынылатын мемлекеттік органның мақсаттарына қол жеткізуді бағалау нәтижелері туралы қорытындылар осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

**1-параграф. "A<sub>i</sub>" "Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау**

27. Тиімділікті бағалау мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін айқындау арқылы жүзеге асырылады.

28. "A<sub>i</sub>" "Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау мына формула бойынша есептеледі:

$$A_i = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j,$$

мұнда:

$h_j$  – стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізуде көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

$m$  – стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген нысаналы индикаторлар саны.

Нысаналы индикатор серпінінің сипаты оң болған жағдайда, стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті жоспарланған мәнінің іс жүзінде орындалуына қатынасы арқылы есептеледі.

Нысаналы индикатор серпінінің сипаты теріс болған жағдайда, стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізуде көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті жоспарланған мәнің іс жүзінде орындалуына қатынасы арқылы есептеледі.

Бұл ретте:

егер  $h_j \geq 1$ , онда  $h_j = 1$ ,

егер  $h_j < 1$ , онда  $h_j =$  фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы/жоспарланған мәнің нақты орындауға қатынасы;

егер  $h_j < 0$ , онда  $h_j = 0$ .

Есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлар салдарлары) іс-шаралар мен



міндеттемелердің орындалмау жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылының нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштерінің жоспарлы мәндерін төмендетуге жол берілмейді.

Нысаналы индикатордың өлшем бірлігі уақыт болса (сағат: минут), индикаторға қол жеткізуді есептеу кезінде өлшем бірлігінің ортақ форматы (сағаттар немесе минуттар) есепке алынады.

Бағалау жүргізу кезінде ресми статистикалық деректер болмаған жағдайда, соңғы 9 (тоғыз) және одан астам айдың деректері есепке алынады. Соңғы 9 (тоғыз) және одан астам айдың деректерін ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, нысаналы индикатор стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде индикаторды артығымен орындау фактілерінің, индикатордың жоспарлы мәндерінің азаю жағына қарай түзетулердің, өткен жылдың фактісімен салыстырғанда фактінің оң динамикасының болмауы ескеріледі.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлар салдарлары) іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау жағдайларын қоспағанда, индикатордың жоспарлы мәндерінің азаю және/немесе қол жеткізілмеу жағына қарай түзетулерді қоспағанда, аталған фактілер болған жағдайда  $h_j$  нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,9 коэффициентіне көбейтіледі.

## **2-параграф. "Ві" "Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" өлшемшарты бойынша бағалау**

29.  $V_i$  өлшемшарты бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламалардың белгіленген нәтижелерін іске асырудың тиімділігі бағаланады.

30.  $V_i$  "Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" өлшемшарты бойынша бағалау мына формула бойынша есептеледі:

$$B_i = \frac{1}{t} \sum_{z=1}^t r_z,$$

мұнда:

$r_z$  – мақсаттарға қол жеткізуде әрбір бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті;

$t$  – мақсаттарға қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалар саны.

Мақсаттарға қол жеткізуде әрбір бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті ( $rz$ ) бюджеттік бағдарламаның бюджет қаражатын игеру коэффициентіне тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу коэффициенттерінің орташа арифметикалық мәнін бөлу жолымен есептеледі.

Тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіші асыра орындалған жағдайда, 100%-дан аспайтын мән көрсеткіші бойынша есепке алынады.

Қаражаттың игерілуі 90% және одан аз, ал нәтижелерге қол жеткізу жоғары болған бюджеттік бағдарламалар бойынша орындалу тиімділігінің коэффициенті 0,9-ды құрайды.

Мысалы, бағдарлама бойынша қаражат 84,5% игерілсе, ал нәтижелерге 100% қол жеткізілсе, бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті 1,2 ( $100/84,5$ ) құрайды.

Басқа мысал: қаражат 63% игерілсе, нәтижелерге 75% қол жеткізілсе, бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігінің коэффициенті 1,2 ( $75/63$ ) құрайды.

Мұндай жағдайларда осындай бағдарламаларғы орындаудың 0,9 тиімділік коэффициенті қолданылады.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуге қатысатын барлық бюджеттік бағдарламалар (субвенцияларды қоспағанда) бағалануы тиіс.

Трансферттер мен таратылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша трансферттерді жіберетін және бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері бағаланады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тікелей нәтиже көрсеткіштері ғана бағаланады.

### **3-параграф. "Сі" "Стратегиялық жоспар мен бюджеттік бағдарламаның өзара байланысы" өлшемшарты бойынша бағалау**

31. "Сі" өлшемшарты бойынша стратегиялық жоспар мақсатының іске асырылатын бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерімен өзара байланыс дәрежесі бағаланады.

32. "Стратегиялық мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың және бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерінің өзара байланысы" коэффициенті әр көрсеткіштің өзара байланысын және сәйкестігін талдау кезінде сараптама жолымен анықталады.

Мысалы, егер бюджеттік бағдарлама бойынша 10 көрсеткіштің 2-уі мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізуді сипаттамаса, онда өзара байланыс

коэффициентін 8/10 қатынасымен есептеу қажет. Бұл жағдайда өзара байланыс коэффициенті 0,8-ге тең болады.

Әр мақсаттың өзара байланыс коэффициенті оған қол жеткізуге қатысатын барлық бюджеттік бағдарламалардың өзара байланысының орташа арифметикалық мәнімен есептеледі.

$$C_i = \frac{1}{t} \sum_{r=1}^t C_r,$$

мұнда:

$C_i$  - стратегиялық жоспар мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланыс коэффициенті;

$C_r$  - мақсатқа қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламаның өзара байланыс коэффициенті;

$t$  – мақсатқа қол жеткізуге қатысатын бюджеттік бағдарламалардың саны.

#### **4-параграф. Стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізудің және орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігінің қорытынды есептемесі**

33. Стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу және мақсатқа қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерін есептеу формуласы:

мұнда:

$$R_i = (A_i + B_i) / 2 \times C_i$$

$A_i$  – стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

$B_i$  – стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындау тиімділігінің коэффициенті;

$C_i$  – әрбір бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткішінің мақсатқа қол жеткізумен өзара байланыс коэффициенті.

34. Орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының мақсаттарына және көрсеткіштеріне қол жеткізудің тиімділігін бағалаудың қорытынды коэффициенті үтірден кейінгі екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеу ескеріле отырып, қалыптастырылады.

#### **5-параграф. Орталық мемлекеттік органдардың "Мақсатқа қол жеткізу" бойынша жалпы бағалау**

35. Орталық мемлекеттік органдардың "Мақсатқа қол жеткізу" бойынша тиімділігін жалпы бағалау мына формула бойынша анықталады:

мұнда:

$$R_{\text{ОМО}} = \left[ \left( \frac{R_{i1} + R_{i2} + R_{in}}{n} \right) * 100 \right] - W,$$

ROMO – орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізудің тиімділігін қорытынды бағалау;

$R_i$  – стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу және мақсатқа қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті;

$n$  – стратегиялық жоспар мақсаттарының саны;

$W$  – айыппұл балдары.

36. Орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларының мақсаттарына және көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағалаудың қорытынды коэффициенті үтірден кейінгі екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеу ескеріле отырып, қалыптастырылады.

37. Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес мемлекеттік органның мақсаттарға қол жеткізу қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Мемлекеттік орган тиімділігінің жоғары дәрежесі 90-нан 100 балға дейінгі бағалау көрсеткішіне, орташа дәреже 70-тен 89,99 балға дейінгі көрсеткішке, төмен дәреже 50-ден 69,99 балға дейінгі көрсеткішке сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 50 балдан аз алған мемлекеттік органның қызметі тиімсіз болып табылады.

#### **6-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспарының мақсаттарына қол жеткізу тиімділігін бағалау**

38. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) тиімділігін бағалау стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу өлшемшарттары бойынша жүзеге асырылады.

39. ҚРҰБ стратегиялық жоспары мақсаттарының тиімділігін бағалау мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{ҚРҰБ}} = ( A_i * 100 ) - W ,$$

мұнда:

$A_i$  – стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

$W$  – айыппұл балдары.

#### **7-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың аумақты дамыту бағдарламаларының мақсаттарына және бюджеттік даму бағдарламаларының көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағалау**

40. Тиімділікті бағалау аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу деңгейін және бюджеттік даму бағдарламаларының орындалу тиімділігін анықтау арқылы жүзеге асырылады.

41. Жергілікті атқарушы органдардың тиімділігін бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу;

2) бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы;

3) бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;

4) бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі.

Жергілікті атқарушы органдардың "Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша қызметінің тиімділігін бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

"Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы", "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" және "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" өлшемшарттары бойынша тиімділікті бағалауды бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

42. Жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытындылар осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

43. Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Бағаланатын мемлекеттік орган қызметі тиімділігінің жоғары дәрежесі 90-нан 100 балға дейінгі бағалау көрсеткішіне, орташа дәреже 70-тен 89,99 балға дейінгі көрсеткішке, төмен дәреже 50-ден 69,99 балға дейінгі көрсеткішке сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 50 балдан аз алған бағаланатын мемлекеттік органның қызметі тиімсіз болып табылады.

#### **1-параграф. "D" "Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау**

44. "Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшартын есептеу аумақты дамыту бағдарламасының тиісті бөлімінің негізінде мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$D = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j \times 100,$$

мұнда:

$D$  – аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

$h_j$  – тиісті мақсатқа қол жеткізуде көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

$m$  – тиісті мақсатқа қол жеткізуде көзделген нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті нақты орындалудың жоспарлы мәнге қатынасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте:

егер  $h_j \geq 1$ , онда  $h_j = 1$ ,

егер  $h_j < 1$ , онда  $h_j =$  фактінің жоспарлы мәнге қатынасы;

егер  $h_j < 0$ , онда  $h_j = 0$ .

45. Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды;

бағалау жүргізу кезінде ресми статистикалық деректер болмаған жағдайда, соңғы 9 (тоғыз) ай және одан көп деректер есепке алынады. Соңғы 9 (тоғыз) ай және одан көп деректерді беру мүмкін болмаған жағдайда, нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

**2-параграф. "L" "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау**

46. "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау жүргізу кезінде мыналар көрсетіледі:

тексеріс жүргізген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы;

есепті кезеңді қамтыған тексерулер саны;

ішкі аудит қызметтерінің тексерулерін қоспағанда, аудитпен қамтылған мемлекеттік органның және оның ведомствоға бағынысты мекемелерінің бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңде бюджет және өзге заңнаманың анықталған бұзушылықтары, оның ішінде:

қаржылық бұзушылықтар;

рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;

бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамасын бұзушылық; камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтарды және конкурстарды ұйымдастырушылар сот тәртібінде шағымданған бұзушылықтар сомаларын қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар.

Аудит объектісі қызметінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасының талаптарына сәйкестігі, қаржылық есептілікті жасау мен ұсынудың дұрыстығы, негізділігі мен уақтылылығы және мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында тікелей нәтижелерге қол жеткізуінің тиімділігі тұрғысынан жүргізілген мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың тиісті органдары аудитінің материалдары, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитінің нәтижелері бойынша қабылданған құжаттарға сот шешімдері ақпарат көздері болып табылады.

47. Өлшемшарт бойынша балл Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 5-қосымша) беріледі және бюджеттік даму бағдарламалары әкімшілерінің бөлінісінде орташа балл түрінде анықталады.

### **3-параграф. "Z" "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау**

48. "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша балл "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" және "Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігі көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" деген екі көрсеткіш бойынша айқындалады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің аталған бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген бюджет қаражаты шегіндегі көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер болып табылады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштерінде бюджеттік инвестициялардың атаулары бойынша тізбесі көрсетіледі. Бұл ретте, ұзақ жалғасып жатқан сипаттағы объектілер іске асырылған жағдайда, ағымдағы қаржы жылында орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі көрсетіледі, ал олар аяқталған жағдайда, ағымдағы қаржылық жылы аяқталған инвестициялық жобалардың атаулары көрсетіледі. Орындалатын жұмыстардың және қызметтердің көлемі нақты мәнінде көрсетіледі.

Бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізу балы әрбір іс-шараның іс жүзінде қол жеткізілген сандық көрсеткіштерінің жоспарлы көрсеткіштермен арақатынасы арқылы, іс жүзінде қол жеткізілген іс-шараларды бюджет қаражатын тікелей алушылармен салыстыру арқылы айқындалады.

Жарғылық капиталдың ұлғаюын көздейтін бюджеттік бағдарламалар бойынша нәтижелерге қол жеткізуді бағалау іске асырылуы бағаланатын қаржы жылына көзделген қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген іс-шаралар бойынша жүзеге асырылады.

Егер бюджеттік бағдарламалар бойынша сандық сипаттамалардың орнына тікелей нәтижелер көрсеткіштері тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін іс-шараларды көздейтін болса, онда осы бюджеттік бағдарлама тікелей нәтижеге қол жеткізілмеген және сапасыз жоспарлаудың нәтижесі ретінде бағаланады.

Бір инвестициялық жоба шеңберіндегі барлық тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің орташа мәні барлық көрсеткіштер нәтижелерін, оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі объективті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне тәуелсіз себептермен (еңсерілмейтін күш мән-жайлары) қол жеткізбеген көрсеткіштер ескеріле отырып шығарылады, одан кейін бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде барлық инвестициялық жобалар бойынша орташа мән шығарылады.

Бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін балл 5-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес айқындалады.

Бұдан әрі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы әкімшісінің барлық бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің орташа балы айқындалады.

Өлшемшарттың бойынша балл жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларының барлық әкімшелері бойынша тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің орташа балы түрінде айқындалады.

Ең жоғары балл 5-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

Аталған өлшемшарттың көрсеткіштері артығымен орындалған жағдайда, көрсеткіш бойынша мән 100% ескеріледі.

Бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде талдамалық ақпарат үшін жоспарланған объектілерді белгіленген мерзімде (жоспар және факт) тапсыру (енгізу) туралы деректер және есепті кезеңде пайдалануға берілмеген объектілер тізбесі пайдалануға беруді кешіктіру себептері көрсетіле отырып, ұсынылады.

"Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" көрсеткіші бойынша бағалау бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткен



бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның барлық бюджеттік бағдарламаларында санмен өлшенетін және бағалауға жататын, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін нәтижелілік көрсеткіштері болған жағдайда, оларға ең жоғары балл беріледі.

Бюджеттік бағдарламада тікелей және/немесе түпкілікті нәтиже болмаған жағдайда, тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипаттамалардың орнына іс-шаралар, тікелей нәтижелердің түпкілікті нәтижелермен қайталануы, бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің басқа бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерімен қайталануы, өлшенбейтін мәндер, жоспарлы мәндердің төмендеуі, сондай-ақ тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мақсаттары мен міндеттеріне мемлекеттік жоспарлау, сондай-ақ объектілерді салу (реконструкциялау) бойынша нормативтік мерзімдерді асып кеткен жағдайында оған 0 балл беріледі.

Бұдан әрі тиісті балл берілетін аталған көрсеткіш бойынша бағаланатын барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа балл айқындалады.

Бекітілген бюджеттік бағдарламалар және оларды іске асыру бойынша есептер, сондай-ақ есепті кезеңде тікелей көрсеткіштерге қол жеткізудің нақты мәнін растайтын құжаттар, оның ішінде орындалған жұмыстар актілері, объектілерді қабылдау актілері, жобалық сметалық құжаттамаларды өңдеу барысындағы мемлекеттік сараптамалардың қорытындылары, жүкқұжаттар, қабылдау-тапсыру актілері жобалық сметалық құжаттарды әзірлеу кезінде ақпарат көздері болып табылады.

#### **4-параграф. "G" "Бюджеттік даму бағдарламасын орындау тиімділігі" өлшемшарты бойынша бағалау**

49. "Бюджеттік даму бағдарламасын орындау тиімділігі" өлшемшарты бойынша бағалау бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне қол жеткізу пайызын тиісті қаржы жылына бөлінген қаражаттың нақты игерілу пайызына көбейту арқылы жүзеге асырылады.

50. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі мынадай жолмен анықталады:

$$\text{Б/б тиімд.} = \% \text{ ТН} / \% \text{ ҚИ} * 100 \%,$$

мұнда:

Б/б тиімд. – бюджеттік бағдарламаны орындау тиімділігі;

% ТН – тікелей нәтижеге қол жеткізу пайызы;

% ҚИ – бюджет қаражатын игеру пайызы.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігінің балы 5-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне 90,1 %-дан кем қол жеткізілген жағдайда, бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі "0 балға" тең.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша балдарды қосу және алынған соманы бюджеттік бағдарламалардың жалпы санына бөлу арқылы барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа тиімділік балы айқындалады.

Бұдан әрі жергілікті атқарушы орган бойынша бағалау барлық жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша бюджеттік даму бағдарламасының орындалу тиімділігі өлшемшартының орташа балы түрінде айқындалады.

#### **5-параграф. Жергілікті атқарушы органдарды "Аумақты дамыту бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізу" бойынша қорытынды бағалау**

51. Жергілікті атқарушы органдардың тиімділігін бағалау мына формула бойынша анықталады:

$$РЖАО = ( 0,5 \times D ) + ( L + Z + G ) - W ,$$

мұнда:

РЖАО – жергілікті атқарушы органның бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуінің тиімділігін қорытынды бағалау;

D – Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу;

L – Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының бюджеттік даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы;

Z – Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;

G – Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі;

W – айыппұл балдары.

#### **8-тарау. Бағалау нәтижелеріне шағымдану рәсімі**

52. Қорытындыны алған күннен бастап бағаланатын мемлекеттік орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға өз наразылықтарын жібере алады. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтары қабылданбайды.

53. Бағалау нәтижелеріне шағымдану растау құжаттарын ұсынумен дәлелденеді және негізделеді. Растау құжаттары мен негіздемелері жоқ,

сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілер ережелеріне және стратегиялық жоспарларды/аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу қағидаларына қайшы келетін наразылықтар қаралмайды.

54. Бағалаудың нәтижелеріне наразылықтар болмаған жағдайда, бағаланатын мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға тиісті хабарлама жібереді.

55. Шағымдану рәсімін жүргізу үшін бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарда арнайы комиссия құрылады, оның құрамына наразылықтарын білдірген мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауға қатысқан қызметкерлер кіре алмайды.

Арнайы комиссияның саны мен құрамын бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар өз бетінше айқындайды, бірақ кемінде 5 (бес) адам болуы тиіс.

56. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растау құжаттарымен наразылықтарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесін (бұдан әрі – Келіспеушіліктер кестесі) қалыптастырады және арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

57. Арнайы комиссия наразылықтарды қарау және бағалау нәтижелерінің объективтілігін анықтау бойынша отырыстар өткізеді, оларға наразылықтарын жіберген бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, мүдделі салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер шақырылады.

58. Арнайы комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша Келіспеушіліктер кестелері пысықталады, оларға арнайы комиссия төрағасы қол қояды және бағаланатын мемлекеттік органның назарына жеткізіледі.

Наразылықтар қабылданған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізу жетістіктерінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы түзетілген қорытындыны жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

59. Бағалау жүйесінің 62 тармағына сәйкес бағаланатын мемлекеттік органдар уәкілетті органда шағымдану рәсімінен өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бағалаудың қорытындысына Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде шағымдануға құқылы.

**9-тарау. Қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарға бағалау жүргізу тәртібі**





		н ы ң көрсеткіште рі					жеткізуді растау (кұжаттың нөмірі және күні, атауы)
1	2	3	4	5	6		7
Тікелей нәтиженің көрсеткіші, оның ішінде :							
бюджеттік инвестиция л ы қ жобалар							
іс-шаралар бөлінісінде							

Облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың, астананың әкімі \_\_\_\_\_

(қолы) (толық жазылуы)

Мақсаттарға кол жеткізу  
тиімділігін бағалау жөніндегі  
әдістемеге  
3-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитінің және ұйғарымдары мен қаулыларын орындаудың нәтижелері туралы \_\_\_\_\_ жылғы ақпарат**

р/н	ББӨ атауы	Бюджеттік бағдарламан ың атауы	Тексеру кезеңі	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі	оның ішінде, бағаланатын кезеңде	бағаланатын кезеңде айқындалған бұзушылықтар көлемі					сомада өтелгендер	сомада қалпына келтірілгенде р
						барлығы	оның ішінде:					
							Қаржы лық бұзушылықтар	Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар	Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде	Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органының басшысы

\_\_\_\_\_  
(қолы) (толық жазылуы)

**Есептік ақпараттағы деректерді қайта тексерудің қорытындысы бойынша салыстыру  
актісі**

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)  
(есепті кезең)

№	Атауы	Шегерілетін балдар
1	Толық емес ақпаратты ұсыну/ орналастыру	
2	Дұрыс емес ақпаратты ұсыну/ орналастыру	
3	Есептік ақпараттың уақтылы ұсынылмауы	
4	Есептік ақпараттың болмауы	
5	Нысаналы индикаторларды есептеу әдістемелерінің болмауы ( орталық мемлекеттік органдар үшін)	
6	Нақты көрсеткіштің жоспарлы мәннен 25 %-дан артық орындалуы (жергілікті атқарушы органдар үшін)	
Барлығы:		

1. Бағалау кестесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік органға есептік ақпаратты ұсыну/орналастыру мерзімі:

201\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

1) Есептік ақпаратты ұсырудың/орналастырудың нақты күні:

201\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

2) Бағаланатын мемлекеттік органның есептік ақпараты жоқ.

Шегеру: \_\_ балды құрайды.

2. Есептік ақпараттың құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген элементтері жоқ (қосымшалар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштер мәндері және басқа) толық емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған:

1)

2)

Шегеру: \_\_ балды құрайды.

3. Дұрыс емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған. Қайта тексеру барысында мынадай шындыққа сәйкес келмеу фактілері анықталған:

--	--	--	--	--	--	--	--

№	Нысаналы индикатордың атауы	Есепті кезең жоспары	Есепті кезең фактісі	Қайта тексерудің қорытындысы бойынша есепті кезеңнің фактісі	Балдарды шегеру	Ескерту
1						
...						

Шегеру: \_\_ балды құрайды.

Қорытынды шегеру: \_\_\_\_\_ балл.

Бағалауға уәкілетті мемлекеттік

органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Бағаланатын мемлекеттік

органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Мақсаттарға қол жеткізу  
тиімділігін бағалау жөніндегі  
әдістемеге  
5-қосымша

### Өлшемшарттар мен көрсеткіштер балдары

р/н №	Өлшемшарттың/көрсеткіштің атауы	балл
1.	Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының бюджеттік даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы - 10 балл	
	Бұзулардың болмауы	10
	Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының есепті кезеңде тексеріс жүргізеуі	5
	Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтардың жіктелуіне сәйкес аудитпен қамтылған бюджеттік қаражаттың жалпы көлемінен (тиімсіз шығыстарды қоспағанда) бұзушылықтардың болуы	
	5%-ға дейін	6
	5,1 – 9,9%	3
	10,0 – 14,9%	1
	15%-дан артық	0
2.	Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу - 20 балл	
2.1	Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу	18
	100%	18



	99,9 – 99,3%	17
	99,2 – 98,6%	16
	98,5 – 97,9%	15
	97,8 – 97,2%	14
	97,1 – 96,5%	13
	96,4 – 95,8%	12
	95,7 – 95,1%	11
	95,0 – 94,4%	10
	94,3 – 93,7%	9
	93,6 – 93,0%	8
	92,9 – 92,3%	6
	92,2- 91,6%	4
	91,5 – 90,9%	2
	90,8 – 90,2%	1
	90,1% және одан аз	0
2.2	Бюджеттік бағдарламалардың нәтижелілік көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	2
	Бюджеттік бағдарламада сандық өлшенетін болып табылатын, мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін және бағалауға жататын нәтижелілік көрсеткіштерінің болуы	2
	Бюджеттік бағдарламада бір нәтижелілік көрсеткішінің болмауы, сандық сипаттамалардың орнына тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін іс-шаралардың болуы, тікелей нәтижелердің соңғы нәтижелермен қайталануы, бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің басқа бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерімен қайталануы, тікелей нәтиже көрсеткіштерінің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттарымен міндеттеріне, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келмеуі	0
3.	Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі - 20 балл	
	100%	20
	99,9 – 99,3%	19
	99,2 – 98,6%	18

	98,5 – 97,9%	17
	97,8 – 97,2%	16
	97,1 – 96,5%	15
	96,4 – 95,8%	14
	95,7 – 95,1%	13
	95,0 – 94,4%	12
	94,3 – 93,7%	11
	93,6 – 93,0%	10
	92,9 – 92,3%	8
	92,2- 91,6%	6
	91,5 – 90,9%	4
	90,8 – 90,2%	2
	90,1% және одан аз	0

Мақсаттарға қол жеткізудің  
тиімділігін бағалау жөніндегі  
әдістемеге  
6-қосымша  
Нысан

## Мақсаттарға қол жеткізудің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

---

(орталық мемлекеттік органның атауы)

---

(есепті кезең)

№	Бағалау өлшемшарттары	Коэффициент	Балдар
1	Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу		
2	Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуде бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі		
3	Стратегиялық жоспардың мақсаттары бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысы		
4	Балдарды шегеру		
	Жалпы бағалау		

Мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін талдау:

---



---

Балдарды шегеру

---

Орталық мемлекеттік органның қызметін жақсарту бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

---

Мемлекеттік органның/  
Қазақстан Республикасының Президенті  
Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесінің/  
Премьер-Министрі Кеңсесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолының толық жазылуы)

Бағалауға уәкілетті мемлекеттік  
органның тиісті құрылымдық  
бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолының толық жазылуы)

20\_\_ ж " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Мақсаттарға қол жеткізудің  
тиімділігін бағалау жөніндегі  
әдістемеге  
7-қосымша  
Нысан

### Мақсаттарға қол жеткізудің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

---

(жергілікті атқарушы органның атауы)

---

(есепті кезең)

№	Бағалау өлшемшарттары	Коэффициент/ орындалу	нақты	Балдар
1	Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу *			
2	Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы			

3	Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу		
4	Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі		
5	Балдарды шегеру		
	Жалпы бағалау		

Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізудің тиімділігін талдау:

---

Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы:

---

Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу:

---

Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі:

---

Жергілікті атқарушы органның қызметін жақсарту бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

---

Мемлекеттік органның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолының толық жазылуы)

Бағалауға уәкілетті мемлекеттік

органның тиісті құрылымдық

бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолының толық жазылуы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

\* бағалау өлшемшарттары деректерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган толтырады

Мақсаттарға қол жеткізу  
тиімділігін бағалау жөніндегі  
әдістемеге  
8-қосымша  
Нысан

**"Мақсаттарға қол жеткізу" бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі**

(орталық мемлекеттік органның/ жергілікті атқарушы органның атауы)

№	Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы	Бағаланатын мемлекеттік органның наразылығы	Шағымдану қорытындысы бойынша шешім (қабылданды/бас тартылды)	Ескерту (шағымды қабылдаудың/бас тартудың негіздемесі)
1	2	3	4	5
1				
2				
...				

Тұжырымдар:

1-өлшемшарт бойынша: \_\_\_\_\_ ;

2-өлшемшарт бойынша: \_\_\_\_\_ ;

Шағымдану қорытындысын қоса алғанда, жалпы балл \_\_\_\_\_.

Комиссия төрағасы,

лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Шағымдану қорытындысымен таныстым:

Бағаланатын мемлекеттік

органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолының толық жазылуы)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
бірлескен бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқару тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7381 болып тіркелген).

2. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын

басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 219 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7653 болып тіркелген).

3. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 581 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8261 болып тіркелген).

4. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 599 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9132 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 7 наурызда жарияланған).

5. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9870 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 8 желтоқсанда жарияланған ).

6. "Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 146 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10096 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 2 ақпанда жарияланған).

7. "Қадағаланатын саладағы/аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014

жылғы 18 желтоқсандағы № 146 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қарашадағы № 686 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12373 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 18 желтоқсанда жарияланған).

8. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсанда № 655 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12845 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 20 қаңтарда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК